# 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 3 сәуірдегі № 460 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 сәуірде № 5788 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 2 қазандағы № 564 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 02.10.2017 № 564 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қармақшы ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары Б. Накиповқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қармақшы ауданының әкімі* *С. Мақашов*

Қармақшы ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 3 сәуірдегі
№ 460 қаулысына қосымша

## Қармақшы ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны | | | | | Мектепке айдағы ме |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мектеп жанында | Мектеп жанында | | | |

| № | орналасуы (аудан, қала) | Балабақша | ғы толық күндік шағын-орталық тар | ғы жарты күндік шағын-орталық тар | Дербес толық күндік шағын-орталықтар | Дербес жарты күндік шағын-орталық тар | Балабақш |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қармақшы ауданы | 1352 | 245 | 0 | 0 | 0 | 24240 |
| 2 | Байқоңыр қаласы | 280 | 0 | 0 | 0 | 0 | 34058 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК